

Комитет мүшелерінің 2024 жылғы отырыстарға қатысуы

№	Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеттің мүшесі	Лауазымы	Комитет отырыстарына қатысу	
			Барлығы	Қатысу %
1.	Бектенов Олжас Абайұлы	Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Қордың Директорлар кеңесінің төрағасы, Комитет төрағасы	4/4	100%
2.	Мұхаммед Джамиль Исмаил Әл Рамахи	Тәуелсіз директор, Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі, Комитет мүшесі	4/4	100%
3.	Лука Сутера	Тәуелсіз директор, Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі, Комитет мүшесі	4/4	100%

МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН КОМИТЕТ

Мамандандырылған комитет Қор тобының құрамына кіретін ұйымдар қызметінің тұтастай немесе нақты саланың экономикалық дамуына әсерін кешенді және объективті талдауды жүзеге асырады. Талдау Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан, республикалық бюджеттен қаражатты пайдалануға, сондай-ақ мемлекеттік кепілдіктер мен активтерге байланысты мәселелерді қарауды болдырмайды.

2023 жылғы 13 маусымда Қорға Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының (бұдан әрі - ЖАП) №1-12-16/674/1029 хаты келіп түсті, онда Арнайы комитет құрамына ЖАП-ты енгізу Арнайы комитет құрамындағы ЖАП-тың тұрақты мүшелігі және Қордың ІАҚ болған кезде ішкі тексеру іс-шараларына қатысу Қорға қатысты ЖАП-тың аудиторлық іс-шараларында мүдделер қақтығысына алғышарттар жасауы себебінен мүмкін емес екені көрсетілген.

ЖАП-тың жоғарыда көрсетілген ұстанымын ескере отырып, сондай-ақ ЖАП-тың қатысуынсыз Мамандандырылған комитеттің жұмысын жалғастыру қажеттігі жоқ екенін назарға ала отырып, Қор Мамандандырылған комитетті тарату бөлігінде «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу бойынша жұмыс жүргізуде.

Басқарма және оның комитеттері

Басқарма Қордың ағымдағы қызметін басқаруға, Даму стратегиясы мен жоспарын іске асыруға, сондай-ақ Директорлар кеңесі мен Қордың Жалғыз акционері қабылдаған шешімдердің орындалуына жауапты алқалы атқарушы орган болып табылады.

Қор Басқармасының қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Қордың жарғысымен, Жалғыз акционердің және Қордың Директорлар кеңесінің шешімдерімен, сондай-ақ Басқарма туралы Ережемен және Қордың өзге де ішкі құжаттарымен реттеледі.

Басқарма төрағасы Жалғыз Акционердің шешімімен тағайындалады. Басқарма мүшелері Қордың Директорлар кеңесінің шешімімен сайланады.

Басқарма мен Басқарма төрағасы өз қызметінде Қордың Жалғыз акционері мен Директорлар кеңесіне есеп береді. Басқарманың құзыретіне, басқалармен қатар, мыналар жатады:

- Жалғыз акционер немесе «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Заңға сәйкес Қордың Директорлар кеңесі қабылдайтын мәселелер бойынша шешімдерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) Жарғыға сәйкес акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысының, Компанияның өзге органының немесе Қор өзіне қатысты акционер, қатысушы болып табылатын немесе мүліктегі үлеске құқығы бар өзге де заңды тұлғаның құзыретіне жататын мәселелер бойынша шешімдер қабылдау;
- Инвестициялық шешімдер мен инвестициялық жобаларды іске асырудың толықтығы мен мерзімдері бойынша үзілістерге жол бермеу бойынша компанияларға қатысты жедел шаралар қабылдау;

- Компанияларға қатысты бірыңғай (оның ішінде компаниялар қызметінің салалары бойынша) қаржылық, инвестициялық, өндірістік-шаруашылық, ғылыми-техникалық, ақшаны басқару бойынша, кадрлық, әлеуметтік және өзге де саясатты қалыптастыру;
- Компаниялардың іс-шаралар жоспарларын әзірлеу, келісу, бекіту, түзету, орындау және олардың орындалуына мониторинг жүргізу жөніндегі қағидаларды бекіту;
- Қордың штаттық санын, штаттық кестесін және ұйымдық құрылымын бекіту;
- ПК қызметінің нәтижелерін жыл сайынғы негізде тыңдау және Қордың Директорлар кеңесіне компаниялар қызметінің нәтижелері туралы есептерді ұсыну;
- Қордың ішкі қызметі мәселелері бойынша шешімдер қабылдау.



Қор Басқармасының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелердің толық тізбесі Қордың жарғысында www.sk.kz сайтында ашылған.

ҚОР БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ



**ЖАҚЫПОВ НҰРЛАН
ҚАРШЫҒАҰЛЫ**

**Директорлар кеңесінің
мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ
Басқарма төрағасы**

Сайланған күні:
сәуір 2023 ж.

Білімі:

- Ресей Федерациясының СИМ Мәскеу Мемлекеттік халықаралық қатынастар институты, халықаралық экономикалық қатынастар факультеті - Экономика бакалавры, Экономика магистрі, Экономика ғылымдарының кандидаты.

Еңбек қызметі:

- Қаржы талдаушысы Еуразия Өнеркәсіптік Қауымдастығы (ENRC) (2001-2003);
- Бизнес менеджер Chambishi Metals PLC (Замбия, Китве қ.) (2003-2004);
- Жобалық менеджер Research, Investment and Development Ltd (2004-2007);
- Биржада сатылатын компания акцияларының құны бойынша талдаушы, Credit Suisse негізгі материалдар тобы (2007- 2009);
- «Тау-Кен Самұрық» Ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ Басқарушы директоры, Басқарма мүшесі (2009-2011);
- Инвестициялық банкінг департаментінің директоры «RBS (Kazakhstan)» Еншілес банкі» АҚ Астанадағы өкілдігінің басшысы (2011-2012);
- Инвестициялық банкінг департаментінің атқарушы директоры, Астана қаласындағы UBS AG Almaty Representative Office өкілдігінің басшысы (2012-2016);

- Даму және инвестициялар жөніндегі Басқарушы директор - «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Басқарма мүшесі (2016- 2017);
- «Астана» ӘКК» АҚ Басқарма төрағасы (2017-2019);
- Rothschild & Co Қазақстандағы өкілі (2019-2020);
- «Kazakhstan Investment Development Fund (KIDF) Management Company» Ltd. Басқарма төрағасы (2020-04.2023);
- «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы (04.2023 бастап).



**КАЗУТИН НИКОЛАЙ
ЮРЬЕВИЧ**

**Құқықтық сүйемелдеу, Қамтамасыз ету
және тәуекелдер жөніндегі Басқарушы
директор**

Сайланған күні:
наурыз 2022 ж.

Білімі:

- Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті, «Бухгалтерлік есеп және аудит» мамандығы.

Еңбек қызметі:

- «Өнеркәсіптік сақтандыру тобы» ААҚ филиалдарын сақтандыру және бухгалтерлік есеп жөніндегі маманы, Алматы қ. (2001-2003);
- «Amanat Insurance сақтандыру компаниясы» АҚ қаржы талдаушысы, Алматы қ. (2003-2005);
- «Казинтерполис» сақтандыру брокері» ЖШС қаржы талдаушысы, Алматы қ. (2005-2006);
- «ПрайсуотерхаусКуперс такс энд эдвайзори» ЖШС департаментінің аға менеджері Алматы (2006-2016);
- «Кокшетауские минеральные воды» АҚ Басқарма төрағасының кеңесшісі (2016- 2018);
- «Шығыс Қазақстан өңірлік энергетикалық компаниясы» АҚ Ішкі аудит қызметінің басшысы, Өскемен қ. (2018-2019);

- Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті төрағасының орынбасары (2020-2022);
- «Самұрық-Қазына» АҚ құқықтық сүйемелдеу, қамтамасыз ету және тәуекелдер жөніндегі басқарушы директоры (2022 жылдан бастап), Басқарма мүшесі (2022 жылдан бастап).



ОТЫНШИЕВ ЕЛЖАС МҰРАТҰЛЫ

Стратегия және активтерді
басқару жөніндегі Басқарушы
директор

Сайланған күні:
сәуір 2023 ж.

Білімі:

- Мәскеу физика-техникалық институты, жалпы және қолданбалы математика факультеті, мамандығы - қолданбалы математика және физика (бакалавр);
- Мәскеу физика-техникалық институты, жалпы және қолданбалы математика факультеті, мамандығы - қолданбалы математика және физика (магистр).

Еңбек қызметі:

- Ernst&Young (Мәскеу) - Аудиторлық және консультациялық қызметтер бөлімі, Технологиялар және қауіпсіздік саласындағы қызметтер. Позициялары — талдаушыдан аға талдаушыға дейін (2007-2008);
- Ernst&Young (Мәскеу) - Бағалау және бизнес-модельдеу бөлімі. Позициясы - талдаушы (2008-2009);
- «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ, Инвестициялық жобалар департаменті, Қаржы институттарымен жұмыс істеу департаменті. Позициялары — менеджерден Департамент Директорына дейін (2009-2012);
- «Самұрық-Қазына» АҚ, Инвестициялық жобалар департаменті, позициясы - бас менеджер (2012-2014);

- «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС («Самұрық-Қазына» АҚ-ға іссапарға жіберілді), позициясы - Қордың Инвестициялық қызметін жобалық талдау департаментінің директоры (2014-2016);
- «Самұрық-Қазына» АҚ, Позициясы - Жаңа жобаларды дамыту департаменті жобасының Директоры (өсіп келе жатқан портфельдік компанияларды басқару) (2016-2018);
- «Самұрық-Қазына» АҚ, Позициясы - Активтерді дамыту департаментінің Тау-кен активтерін дамыту секторының басшысы (2018-2019);
- «PlanetCare Management» ЖШС, Позициясы - Бас директордың Инвестициялар және даму жөніндегі орынбасары (2019-2021);
- «Kazakhstan Investment Development Fund (KIDF) Management Company» Ltd. Позициясы - Басқарма төрағасының Орынбасары (2021-2023);
- «Самұрық-Қазына» АҚ, Стратегия және активтерді басқару жөніндегі тең басқарушы директор (2023-04.2025);
- «Самұрық-Қазына» АҚ, Стратегия және активтерді басқару жөніндегі басқарушы директор (04.2023 бастап).



РЫСҚҰЛОВ АЙДАР ҚАЙРАТҰЛЫ

Экономика және қаржы
жөніндегі Басқарушы директор

Сайланған күні:
тамыз 2023 ж.

Білімі:

- Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті - «Экономист» біліктілігі берілген «Қаржы және кредит» мамандығы;
- Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті - «Заңтану бакалавры» академиялық дәрежесін бере отырып, «Экономика саласындағы құқықтық реттеу» мамандығы;
- Назарбаев Университеті, басшыларға арналған MBA

Еңбек қызметі:

- «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-да инженер-экономист (Қарағанды қ. филиалы) (2002-2003);
- «АТФ Банк» АҚ (Астана қ. филиалы) Клиенттерді тарту секторының маманы, Операциялық бөлімнің Сервис-менеджерлер қызметінің маманы, ШОБ кредит беру бөлімінің ЕҚДБ бағдарламасы бойынша кредит беру секторының маманы, ШОБ кредит беру бөлімінің микрокредит беру секторының 2-деңгейдегі жетекші маманы (2003-2006);
- «Банк Центр Кредит» АҚ кредиттік кеңсесінің бизнес-клиенттер бөлімінің аға кредиттік офицері (2006);

- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Орта бизнеске сату орталығының бөлім бастығы (2006-2008);
- «Еуразиялық Банк» АҚ Корпоративтік кредиттеу бөлімінің бас маманы (2009);
- «ҚазАгро «Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Инвестициялық жобалар департаменті Жобаларды талдау басқармасының бас менеджері, Инвестициялық жобалар департаменті Жобаларды талдау басқармасының бастығы, Инвестициялық жобалар департаменті директорының орынбасары (2009-2012);
- «Самұрық-Қазына» АҚ Қаржы активтерін басқару жөніндегі Директор, Корпоративтік қаржы департаментінің директоры (2012-2019);
- Экономика және қаржы жөніндегі Басқарушы директор - «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма мүшесі (2019-2023);
- Экономика және қаржы жөніндегі Басқарушы директор - «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма мүшесі (08.2023 бастап)

**САТЖАН САЛТАНАТ
ЕРБОЛҚЫЗЫ****Даму және жекешелендіру
жөніндегі Басқарушы директор****Сайланған күні:**
тамыз 2023 ж.**Білімі:**

- «Болашақ» бағдарламасы бойынша Австралия ұлттық университеті - экономика бакалавры;
- MBA, University of Warwick (2024 жылы аяқталады деп күтілуде)

Біліктілігі:

- ACCA – бухгалтерлік есеп және қаржы саласындағы халықаралық біліктілік;
- CFA 3-деңгейдегі үміткер;
- «Finmentor.kz» ЖШС қаржылық сауаттылық мектебінің қаржы тәлімгері.

Еңбек қызметі:

- Сертификатталған және Дипломды бухгалтерлер қауымдастығының құрметті мүшесі, ACCA;
- Big4 компаниясында және Қазақстан Республикасының Ұлттық әл-ауқат қорында қаржы, аудит және экономикалық талдау саласындағы 10 жылдық жұмыс тәжірибесі;
- Бизнес-жаттықтырушы ретінде 5 жылдық жұмыс тәжірибесі (Еу Академиясы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі, СҚКУ);

- «Самұрық-Қазына» АҚ Активтерді басқару дирекциясының «Экономикалық талдау» секторының басшысы (2018 ж. - 2021 ж.);
- «Самұрық-Қазына» АҚ Жиынтық-талдау жұмысы және бақылау департаментінің басшысы (2021-08.2023);
- Даму және жекешелендіру жөніндегі Басқарушы директор - «СамұрықҚазына» АҚ Басқарма мүшесі (08.2023 бастап).

БАСҚАРМА ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕП**2024 ЖЫЛЫ ҚОР
БАСҚАРМАСЫ****67**

отырыс өткізді

2024 жылы Қор Басқармасы 67 отырыс, оның ішінде 54 бетпе-бет және 13 сырттай отырыс өткізді. Барлығы 323 мәселе қаралды, оның 298-і бетпе-бет болды.

Қор Басқармасы қараған маңызды мәселелер:

- Қордың портфельдік компанияларының 2023 жылғы жылдық қаржылық есептіліктерін және Қордың портфельдік компанияларының 2024 жылғы тиісті есепті кезеңдердегі аралық қаржылық есептіліктерін бекіту;
- Қордың портфельдік компанияларының директорлар кеңестерін және бақылау/қамқоршылық кеңестерін сайлау;
- Қордың портфельдік компанияларының бірінші басшыларын келісу және/немесе тағайындау;
- Қордың портфельдік компанияларының акцияларын сатып алу/жарғылық капиталдарын толықтыру;

2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

2025 жылы төмендегілерді қарастыру жоспарлануда:

- Бюджетті, сатып алу процесін және инвестициялық жобаларды іске асыруды қоса алғанда, Қордың ағымдағы қызметінің мәселелері;
- Қордың мәмілелері (мүдделі және/немесе ірі мәмілелер);
- Қордың HR мәселелері (ұйымдық құрылымы, штаттық кестесі)
- Портфельдік компанияларға қатысты

БАРЛЫҒЫ**323**

мәселе қаралды

- Қордың портфельдік компанияларының жарғыларына және өзге де ішкі нормативтік құжаттарына өзгерістер енгізу;
- Қордың Директорлар кеңесінің қарауына мәселелерді алдын ала мақұлдау және шығару;
- Қордың ішкі нормативтік құжаттарын бекіту және/немесе оларға өзгерістер енгізу;
- Қордың ұйымдық құрылымы мен штаттық кестесін өзгерту;
- Қор бюджетін түзету;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің жекешелендіру бағдарламасын орындау жөніндегі мәселелер;
- Инвестициялық жобаларды бағалау;
- Қордың жасасуға мүдделілігі бар мәмілелерді мақұлдау.

мәселелер, соның ішінде бақылау және қамқоршылық кеңестерге тағайындаулар мен сайлау, директорлар кеңестері, жылдық қаржылық есептерді бекіту, ішкі нормативтік құжаттарды қарау, жарғылық капиталды немесе акциялар санын өзгерту және басқа заңды тұлғаларға қатысу мәселелері;

- Қордың ішкі нормативтік құжаттарын бекіту немесе өзгерту;
- Есептер (Қордың құрылымдық бөлімшелерінің есептері және Қордың Директорлар кеңесіне шығарылатын есептер).